

Ержанова С.Б.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Қазақстан, Алматы

e-mail: Esb72@mail.ru

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЗМ

Аңдатпа. Адамның ішкі әлемі мен тұлға дамуындағы шығармашылықтың психологиялық жай-күйі мен тебіренісі, эмоциялық реңкін анықтау мәселесі өзекті. Шығармашылыққа итермелеген өнер адамының болмысындағы қандай да бір құбылысты тануда және бейсаналы түрдегі эмоциялары мен оларды басқару не күресу әрекеттеріне мән бере отырып әлеуметтік қабылдау тұрғысындағы жайына мән беру. Тұрақты даму мен жаңашылдықты талап ететін бүгінгі күн дамуы да шығармашылықтың маңызын арттырып отыр. Кез-келген шығармашылық адамына өз әлеуетін қалай дамыту және пайдалану керектігін түсіну ол жеке тұлғалық та кәсіби де мақсаттарын игеруге итермелейді. Біздің қарастырып отырған ақындарымыздың да шығармашылық қолтаңбалары айқын өз оқырмандарын тапқан, бұқараның сұранысындағы шығармашылық иелері. Оларды оқырманмен табыстырып отырғаны де осы ішкі әлемі мен қоғамдық ортадағы тұлғалығы. Өмір мен өнердің шегіне байланған болмысты түсіну оқырман үшін кедергі келтірмейді. Керісінше өзінің ішкі дүниесімен астастырып іздегенін тапқандай күй кешеді. Жанына ем алып, жүрегін тыныштандырады.. Мақалада нақты ақындар өлеңдерінен мысалдар келтіріліп өзіндік ерекшеліктері, психологиялық, эмоционалды көңіл-күйлері сөз болады.

Тірек сөздер: Психологизм, поэзия, эмоция, образдылық, ішкі әлем.

Ержанова С.Б.

Казахский Национальный университет имени аль-Фараби

Казахстан, г. Алматы

e-mail: Esb72@mail.ru

Психологизм в современной казахской поэзии

Аннотация. Проблема определения психологического состояния и эмоциональности творчества во внутреннем мире и развитии личности человека является актуальной. Распознавая любое явление в природе художника, мотивированного к творчеству, обращая внимание на его бессознательные эмоции и его действия по контролю или борьбе с ними, обращать внимание на его позицию в контексте социального восприятия. Сегодняшнее развитие, требующее устойчивого развития и инноваций, также повышает значимость творчества. Понимание того, как развивать и использовать свой потенциал для любого творческого человека, подталкивает его к овладению как личностными, так и профессиональными целями. Наши поэты также являются творческими хозяевами, нашедшими своих читателей с четкими творческими подписями, востребованными массами. В этом и заключается его внутренний мир и личность в общественной среде. Понимание бытия, привязанного к пределу жизни и искусства, не мешает читателю. Напротив, он чувствует, что нашел то, что искал, переплетаясь со своим внутренним миром. Лечит душу и успокаивает сердце.. В статье приводятся примеры из стихотворений конкретных поэтов, рассматриваются их особенности, психологические, эмоциональные настроения.

Ключевое слово: Психологизм, поэзия, эмоции, образность, внутренний мир.

Yerzhanova S.B.

Al-Farabi Kazakh National University

Kazakhstan, Almaty

e-mail: Esb72@mail.ru

Psychologism in modern kazakh poetry

Abstract. The problem of determining the psychological state and emotionality of creativity in the inner world and the development of a person's personality is relevant. Recognizing any phenomenon in the nature of an artist motivated to create, paying attention to his unconscious emotions and his actions to control or combat them, paying attention to his position in the context of social perception. Today's development, which requires sustainable development and innovation, also increases the importance of creativity. Understanding how to develop and use their potential for any creative person pushes them to master both personal and professional goals. Our poets are also creative hosts who have

found their readers with clear creative signatures that are in demand by the masses. This is his inner world and personality in a public environment. The understanding of being tied to the limit of life and art does not interfere with the reader. On the contrary, he feels that he has found what he was looking for, intertwining with his inner world. Heals the soul and soothes the heart.. The article provides examples from the poems of specific poets, examines their characteristics, psychological, and emotional moods.

Keywords: Psychology, poetry, emotions, imagery, inner world.

Кіріспе. Мәселенің негізгі идеясы-кез-келген қоғамдағы қарқынды процесстер адам санасына да ауыр салмақты да тудыратыны анық. Адамзаттың ішкі болмысындағы органикалық мүшелердің оған жауап беру, төзудегі қақтығыстары жүйкедегі әр түрлі психикалық күйлерге түсіреді. Адам сол күйлерден әр түрлі жолмен өзінің жан-дүниесіне ем іздеуге талпынады. Бүгінгі күнде адам өзін-өзі тануы мен дамуындағы таптырмас құралы ретінде поэзияны таңдап отырғанын біз әлеуметтік желідегі ақпараттардан байқай аламыз. Демек, қазіргі қазақ поэзиясын психологиялық тараптан зерттеу санамыздың қоршаған әлемнен ақпаратты қалай қабылдайтынымызды және өңдейтінімізді, шешім қабылдауымыздағы әрекеттерді бақылап, түсінуге көмектеседі.

Мақаланың мақсаты – қазақ әдебиетінің тарихи кезеңдерінің бірі болып табылатын қазіргі қазақ поэзиясын филологиялық саралаумен қатар психологиялық аспекті тұрғысынан зерттеп, мәдениеттің, әлеуметтік ортаның психологияға, мінез-құлыққа әсерін бағамдау, эмоциялар, оларды басқару, күресу стратегияларын танытуда шығармашылықтың оң әсерін көрсету, қазіргі таңда көркем өнер мен өлеңді әлеуметтік қабылдау, эмпатия және әлеуметтік қолдау тұрғысындағы мәселелерді қарастыру.

Осы мақсатқа сай нәтижеге жету үшін төмендегідей *міндеттер* алға қойылады:

- өмірдің әртүрлі салаларын қамтитын адам психикасын өнер мен мәдениет, шығармашылықта қабылдаудағы әртүрлі күйлер, ойлау, сезімдер мен эмоцияларды тудыру әрекеті мен олардың адам шешімдеріне қалай және қандай факторлармен әсер ететінін бағамдау үшін нақты ақындар шығармалары атап айтқанда: *Г.Салықбай, Қ.Сарин, А.Темірбай, А.Елгезек*, поэзиясына мән беру.

Зерттеу әдістері. Қазіргі қазақ поэзиясының психологиялық қызметін зерделеудің ғылыми мәселелері, атап айтқанда психолінгвистикалық, антропоэзеттік, когнитивтік және философиялық аспектілерде зерттеудің нәтижесінде мынадай негізгі гипотезаларға мән беріледі:

- заманауи герменевтикалық әдіс негізінде яғни шығармашылық тұлғаның ішкі

жан-дүние әлеміне бойлау арқылы: оның әлеуметтік өмірін, оның мәдени эволюциясын нақты мәтін таңбаларының мәнін, жасалу жолдарын анықтау;

- теориялық-әдіснамалық негіздерді қалыптастыру арқылы әлеуметтік белсенді қызметімен өзін қоршаған ортадан ерекшелетін, психологиялық жағынан өскен, өзгерген тұлға мен оқырманның болмысын интерпретациялау;

- өлең мәтіндерінде қолданылған эмоциональды тілдік бірліктерді (көңіл-күй реңкін білдіретін, сөз тіркестері, образдылық, абстрактылы ұғымдар, т.б.) оқырман қабылдауын анықтау;

- қазіргі қазақ поэзиясы арқылы көркем шығармалардың адам жанын таныту мен ішкі әлемін түсінудегі мңызын айқындау;

Негізгі бөлімі. Қазіргі қазақ поэзиясындағы психологиялық аспектілердің түп негізі халқымыздың сан ғасырлар бойы қалыптастырған таным санасында жатыр. Өзіндік дәстүрін қалыптастырған халық бірін-бірі жақсы білген, әр адамның қадір-қасиеті, оның жасына, жол-жоралғысына, әлеуметтік ортадан алатын орнына қарай белгілеп отырды. Халықтық дәстүрдің санаға, әдеби мен дініне, әні мен күйіне, мінезі-құлқына сай адамгершілік нормалары жасалды. Имандылық пен өнегені бойына сіңірген халықтық нормалар адам жанының ең ізгі қасиеттерін алға шығарды. Адам үшін ең қымбат түсінік жанымен сезіну, ойлану, толғану, әсерлену, әрекеттенудің әдемі үлгілерін көрсете білді. Мұның бәрі халқымыздың сұлулық, сымбаттылық, шеберлікті көре білуінде жатыр. Мұның алғышарты — бақылай, көре білу, кісінің ішкі сырын танып ұғыну арқылы өзін-өзі түсініп, шама-шарқына қарай оны жүзеге асыруында еді. Ауызекі шығармалардан бастау алатын адам жанының небір нәзік сырлары: ерлік пен батырлық, достық пен ынтымақтық, жауыздық пен зұлымдық, ақыл-ой, ерік-қайрат сияқты іргелі мәселелерімен қатар қазіргі психология ғылымында кездесетін ұғымдардың да үлкен тізбегі (арман, қиял, ес, ықылас, ынтық, ниет, ашу, қайғы, т.б.) сан қырынан сөз болған. Сөз бен ой түйсіктері арқылы тікелей бейнеленген нәрселердің ішкі мәнісін, негізгі сырын тереңірек ажыратуға мүмкіндік беретін

өте күрделі психикалық құбылыстар. Халықтық өнердің негізінде өзіндік әдет-ғұрып, дәстүр-салты, ұлттық мінез бітістері, әлеуметтік сезімдері, көңіл-күйлері, ерік-жігер қасиеттері, алуан ойлары, талап-тілектері, яғни әлеуметтік психологиясы тамаша бейнеленген. Шығармашылық тұлғаның қоғаммен, табиғатпен қарым-қатынасының эмоционалды-психологиялық өзгерісімен бірге жеке сезімдік құбылыстарына типологиялық салыстырулар жүргізу. Лирикалық кейіпкер болмысындағы адам жанының құпиялы сырларына, таным мен адам жанының шындығын ашудағы маңызына мән беріледі. Бұл идеялардың барлығы ғылыми дәлелденген, жобаның алдын ала нәтижелері болып табылады.

Осы уақытқа дейін көркем өнерді психологиялық тұрғыда зерттеудің хронологиялық тұрғыдан бөлуге болатын маңызды әдебиеттері жинақталған: а) ұлттық және шетелдік дереккөздер, Аристотель, З.Фрейд пен К.Юнгке жалғасатын алғашқы шетелдік дереккөздер мен ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы маңызды еңбектер: Д.Н.Овсянко-Куликовский [1], С.Л.Рубинштейн [2], О.А.Кривцун [3], П.А.Куценков [4], П.М.Якобсон [5], А.Байтұрсынов [6], Ж.Аймауытов [7], М.Әуезов [8], Б.Майтанов [9], Г.Пірәлі [10], Г.Ержанова [11].

Бірақ өнер психологиясы туралы әдебиеттердің көптігіне қарамастан, қазіргі уақытта шығармашылық, мәтін психологиясына, оның ілімдеріне жауап беретін ең сапалы басылымдар мен әдебиеттерді, электронды кешендерді, мұқият жүйелеу және сипаттау қажет.

Нақты шығармашылықтағы негізгі тақырыптарды, мотивтерді, эмоцияларды, идеяларды; қабылдау, зейін, есте сақтау, ойлауға қатысты психологиялық процестерді нақты ақындар шығармаларынан ала отырып мәтін мәніне мән беру. Өйткені Адам қоршаған әлемнен ақпаратты қалай қабылдайтынын және өңдейтінін, шешім қабылдайтынын, қалай шешетінін анықтайды. Ақындардың өлеңдеріндегі эмоционалды бейнелеу, экспрессивті құралдарды құрылымдық-стистикалық талдау арқылы қазіргі қазақ поэзиясы адамның мінез-құлқы мен психикалық жағдайына қалай әсер ететінін байқауға болады. Эмоциялардың әртүрлі аспектілерін, олардың шығу төркінін, көрінісін, танылуын, реттелуін, тұлғааралық қатынастарға әсері байқалады. Бұдан шығатын түйін кез келген жанр шынайы өмірдің

болмысын танытуда қаншама жаңа мазмұнға енсе де ол өзінің алғашқы үлгісінің кейбір мазмұнын сақтай отырып, яғни «жанр жады» оянуымен, танымдық қызметті атқаратын «жанр тұлғасы» түсінігімен тікелей байланыста болып табылады. «Жанр жадын» әдебиетшінің адамгершілік-кәсіби кодексі деп білуге де болады, өйткені өз шығармаларын тудыра отырып, ол өткен әдебиетпен қарым-қатынасты, дәстүрді сыпайы түрде орнатуы тиіс. Автордың адами және көркем өнер тәжірибесін болмыстың «дайын» формулалары ретіндегі тіршіліктегі жанрлармен байланыстыра білуі «жанр жады» түсінігімен реттеледі.

Әдетте, ақын немесе жазушының дүниетанымын оның шығармашылығында бір немесе бірнеше жанрлық түрлердің қолдану сипаты анықтайды. Дәуірдің эстетикалық идеялары, өз кезегінде, олар да заман жанрларын анықтайды, олардың көркем түзілістері мен әлем болмысын, заман идеясын ең шынайы көркем үлгіде сипаттайды. Жанрдың «ескі» тұлғасының қазіргі замандық мәдени-тарихи шынайылықпен өзара байланысуының нәтижесінде, ағымдағы жанрлық үрдіске бағалауға мүмкіндік беретін жанрдың тұлғасы қалыптасады. Осыған сәйкес, тәуелсіздік жылдар басында кезеңдік контекстің жанрлығының шынайылығына жаңа көзқарас «енгізсе», онда бұл айғақ постмодернизмінің түбегейлі жаңа әдебиетін түзудің және сонымен бірге оны жеңіп шығудың әдісі ретіндегі мифтік сана-сезімді анықтауға септесетін болады.

Қазіргі аталмыш ақындардағы элегиялық элементанымының әлеуметтік-тарихи сұранысы толықтай болуы қазіргі замандық жанрлық тәжірибеде элегия тұлғасының түрленуіне ықпалын тигізді. Жиырмамыншы және жиырма бірінші ғасырдың шынайылығы элегиялық мәтіндердің бойында, бір кездері сол элегияны романтикалық жанрлар жүйесінің шыңына шығарған биік драматизмді ұстап қала алмаған еді. Жанр жады замандас ақынды элегия әлемі көрінісінің тек жарым-жартылай келтіру міндетін жүктеді және осылайша, әдебиеттануда «көркемдіктің элегиялық модусы» атты балама түсініктің енгізілуіне, поэзияда - элементанымындарында элегиялық сыңары бар, вексметрдің жеке поэтикалық жанрдың пайда болуын және толғауға еліктеушіліктің әсерін әкелген еді.

Әдетте, нақты бір заманның жанрлық үрдістерін зерттеу, бір кездері жанрлық реформалардың қақ ортасына орналасқан,

«үлкен» аталатын жанрлардың бойында шоғырланады. Сондықтан кейбір ақындар өлеңдерінде кездесетін бірнеше жанрлардың тоғысы не адам ішкі көңіл-күйін берудегі дәстүрлі қадамдары құпталады. Г.Салықбадың «Кешіріңдер келгенімді өмірге» атты жинағына енген өлеңдеріндегі:

Куанып жүріп, құладым,
Қар жауған қала тағы кір.
Доссыз өмірге ұнадым,
Ал енді маған бәрі бір...
Бәріңнен енді алыспын,
Алыстай түсем бұл түні.
Доссыз өмірмен таныстым,
Түріміз қандай күлкілі!

Өлеңнен байқағандай ақын оқырманмен сондай-ақ басқа адамдармен қарым-қатынасқа сана тұрғысында түсуіне деген іштей күрсінісінен ғана тұрмайды. Сонымен бірге адамға күш беретін мотивация мен мақсаттарды көздейтін психологиялық мәтіндерден құралады. Ақынның толық өлеңін бірсыдырғы оқып біткен соң ақ оқырман адамның өзін-өзі түсінуін, дамуын қадағалайтын негізгі қағидаларды ойына еріксіз оралтар еді...

Осылайша, мысалы, қазіргі замандық поэтикалық сана- сезімнің «тірі» жанрларына енді альбаны, газель, сексинаны, рондоны жатқызуға болмайды. Аталған жанрлардың жады, ақырғылары бір кездері көркем түзілімдер ретінде қабылданатынын білдіреді, бірақ бұл түзілімдер уақыт ағымымен құрылымдық шарттар мен қатаң тұлғалардың дәрежесін қабылдаған, әлемнің нақты көрінісін суреттейді. Адамдар арасындағы қарым-қатынастарды шегіне дейін шиеленістірген, шынайылыққа деген эмоционалдық-эстетикалық қатынасына симульанизм нышанын енгізген, жаңа мыңжылдықтың шынайылығы үшін, альба мен ғазылдардың жанрлық сәйкестігі, біржақтылығы олардың мазмұнына деген өзектілікті жоғалтты. Ақын дүниені танып, білуге өзінің шынайы қабылдауына негіз ретінде ылғи өзінің «Мен» болмысына үңілумен болады. Өзінің «Мені» арқылы өзімен диалогқа түсудің емін-еркін әрекеті жүзеге асады. Ақын үшін ол зіннің ішкі күйінің мәселесін ғна емес сыртқы ортаға да айта алмай жүүрген сырын ешқандай жауап күтпей ақ шешімді ойын жеткізумен жеңілдейді. Ақын үшін поэзия егізінің сыңары. Бірақ ешқандай жауап қайтармай үнсіз, мойынсұнып тыңдайтын, жаңыңды түсінетін субъект. Оның да өз міндеті бар ол ақынның шығармашылық әлеуетін қыздыру, қоздыру арқылы оқырманға көпір сияқты оның түснүін

қалайды. Ақын өзінің бейсаналылығымен сырласуы, байланыс орнату арқылы бұрын өзі біле бермейтін жаңа ой мен сезім, күйдің әсеріне бөлену арқылы жанының рахатын не азабын тартады.

Сөңдрмей шоғын үміттің,
Етекгі басқан бақ пен сор.
Адасып мен де жүріппін
Шындықты көрмей, әттең, сол.
Тәрізді кейде көлеңкең
Қасыңда жүрер дос пен қас.
Түсіндім енді мені ертең
Еңіреп ешкім еске алмас.
Көктемін аңсап текті жер
Алмасып жатыр, қыс пен жаз.
Келгенін күздің жеткізер
Басыңнан биік ұшқан қаз.
Өмірің жалған не керек.
Жұмақты сұра, күн мен түн.
Міні жоқ кемел, керемет,

Аңсамас Хақтың кім көркін?- деп жырлаған Қ.Сариннің өлеңінде лирикалық кейкердің ішкі сырымен бөлісуі күнделікті пенденің осы өмірдегі пенделік әрекеттерінен көңілі қалған күйін сергітер табиғилықтан іздеу, жаны жасандылықты қаламаған тазалықтан ем іздеу. Мұнда ақын үшін өлеңнен ем іздеу, Жаратқанмен бейсаналы түрде байланысты, жұмбақ, тылсыммен сырласқандай күй кештіріп оқырманына ой салады. Әдемі лирикалық жанрдың мәнін, өмір сүру мәнін маңызды еткен. Кез келген жанрдың тіршілік етуі әлемдік танымының құрылымымен өзара шарттасуына байланысты болып табылады. Жанрлық көріністің екі тұғырының өзара тіршілік атқаруының тұтастығында ғана жанрдың қасиеттері аяғына дейін қалыптасып, көріне алады. Жанрлық ақпаратты әлемнің жанрлық болмысында түрлендіруде ең белсенді қызмет атқаратын, көркем шығарманың құрылымдық принциптерін біз жанрдың сыңары деп атаймыз.

Соңғы ғасырлардың шегінде поэзияның сұранысына ие болған кеңістік пен уақыттың психологиялық түр-тұлғасының ерекшелігі, дәуір кеңістік пен уақыттың бірнеше тұжырымы бір уақытта тіршілікке ие болғанына негізделеді, бұл жерде өнердің тіл өнері ретіндегі поэзияның психологиялық табиғатына сәйкес басымдық уақыт өлшемдеріне берілген еді.

Осы зерттеудің аясында кезеңділік-мифологиялық және энтропиялық моделдердің бір сәттегі бірдей өзектіленуінің парадоксы, сана-сезімдік-тарихи шектердің аясында әрқашан тіршілік еткен, жанр феноменімен

түсіндіріледі. Мәдени ақпаратты қорытуға қабілетті мәтін ретіндегі жанр, құндылықтарды жоққа шығару үрдісіне белсенді қарсыласатын, әмбебап психологиялық, көркем-эстетикалық категория болып табылады. Құндылықтардың бүкіл жүйесін модернистік қайта құруымен белгіленген ХХ ғасырдың соңы, саналы-санасыз түрде әдебиеттегі энтропиялық үрдістерді қалыптастыруға бағытталған, поэтикалық шығармашылық ретіндегі жанр - толғауды танытты.

Жанрлық кеңістіктік-уақыттық парадигмалардың өзара ықпалдасуы синтетикалық жанрлық, психологиялық құрылымдардың құрылуына әкеледі. Осылайша, басқа жанрлардың әлем көріністері сонеттің мазмұнымен толығады. Өзара ықпалдасудың кез келген түрі екі жанрдың: элегия мен толғаудың танымалдануымен пайда болады. Аталған жанрлар бірдей эстетикалық шынайылықты сипаттайтындықтан, синергетикалық бірлікте тіршілік еткенімен, ақырғысын мүлдем басқа жанрлық тұр-тұлғаларға енгізеді.

Неге сендім

Нені ойладым,

Не дедім.

Дәлел қылып дүниенің дерегін.

Өлілер мен тірілерден сыр тартып,

Өмір бойы өзімді іздеп келемін. *Алмас Темірбайдың (Автопортрет) «мені»* арқылы берілетін өлең жолдарында екі кеңістіктің «өлілер» мен «тірілердің» яғни сыртқы жағдай әрекетті сипаттай отырып параллельді түрде ішкі түйсіктегі, санадағы кеңістікке жол ашу, тереңдіктің, шексіздіктің алгоритмін іздейді. Бұл оған өлеңнің белгілі бір ішкі тақырыбын анықтауға мүмкіндік берген. Өмірдің қалтарысында оқырманына түбегейлі оң шешім қабылдауына итермелейтін эмоциональды көңіл-күй беретіні рас. Оның үстіне өлеңнің бұл жолдары жалпы өлеңнің діңгегі сияқты соңында да осы сұрақтың «Бұл дүниеде неге іздедім өзімді, О дүниеде айтам оның себебін»- деп жеңіл әзілмен қорытады. Осы сұрақ өлеңнің тақырыбын ғана айқындамай жалпы өлеңнің ішкі семантикалық тірегі бүкіл өлеңнің соңғы аккорды сияқты. Ақынның психологиялық күйі «не» деген хаусты іздеудегі әрекетке сай келетін ұғымдардан тұрады. Оған әрине өлеңнің ырғағындағы ақынның өмір қағидасын сөйлеу сөзіндегі семантикалық сипатқа айналдыруы сәтті шыққан. Астарлы мәтіндегі ақынның эмоциональды күйі, адамға күш беретін мотивация мен мақсаттарды көздейтін

психологиялық мәтіндерді таңдауына және ақынның өзін-өзі түсінуіне қол жеткізеді.

Жасыл бояу шашырап тұр, дәл бүгін,

Сенімсіздеу ұсынып тұр тал бүрін.

Әр бүршіктің дірілінен сеземін,

Таң нұрының қалдығын, жапырақтар тағдырын.

Аша ма екен өмір маған бар сырын,

Келер күннен дәметеді Жан білім.

Мен тағатсыз күтіп жүрмін аспаннан

Жаңа көктем жаңбырын, тамшылардың әрбірін.

Жаным талай жалалардан күйгесін,

Ауып тұрар көктем ойнар күйге есім.

Жұлып тастап көкірегіңдегі түймесін,

Ауадағы жасыл күйге

Сәулелер,

Сұлап түскенше билесін!

Мүмкін сонда жүрегімде мазасыз

Орна ма екен үйлесім?

Ақын Ақберен Елгезектің өлеңдеріндегі психологиялық басымдықты жеке болмыс-мінездік айырмашылықтарымен қоса экстраверсиялық, нейротизмдік ерекшеліктердің басымдығы жеке тұлғаны қалыптастырудағы негізгі күшке айналған. Шығармашылық адамының өз туындысын аяқтаған сәттегі алатын рахаттану сезімдерінен бөлек оның кейбір артықшылықтары ретінде оның әлеуметтік дағдыларды дамытуы дер едік. Әсіресе, күйзеліс пен алаңдаушылықты игеруде А.Елгезек ақын үшін өнер мен өлең таза психологиялық қызмет атқарғанға ұқсайды. Ақын өлеңдерін оқып отырып сөз бен ой түйсіктері арқылы тікелей бейнеленген нәрселердің ішкі мәнісін, негізгі сырын тереңірек ажыратуға мүмкіндік беретін өте күрделі психикалық құбылыстарды байқаймыз. Ақын жинақтарындағы әдет-ғұрып мотивтері, ұлттық мінез бітісі, әлеуметтік сезімдері, көңіл-күйлері, ерік-жігер қасиеттері, алуан ойлары, талап-тілектері, яғни ақынның тұлғалық «Мен» психологиясы айқын бейнеленген деп айтуға болады.

Қорыта келгенде айтарымыз өлең өнері жалғыздықты қалайтын, ақынның әзінің «Мені» арқылы диалог түсуді көздейтін құбылыс. Жалғыздық бар жерде психологиялық тереңдік бар екенін жоққа шығармаймыз. Адамның ішкі қатығыстарының өзі оның оқшаулануына себепкер болатынын білеміз. Демек жоғарыда талданған ақындарымыздың өлеңдеріндегі бейсаналы қорқыныштары мен көңіл-күйлерді бейнелейтін мотив, образ, символдарының мәні көп мәселені шешуде маңызы зор екенін

оқырман түсінеді, әркім әрқалай өздігінше
интерпретациялайды, қабылдап, түсінеді.
Мұның өзі ақындар өлеңдерінде көрініс тапқан
психологиялық ішкі тартыстарын терең

түсінуге мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

1. Овсяннико-Куликовский Д.Н. Литературно-критические работы в двух томах. — М.: Художественная литература, 1989.
2. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии; 2013, yanko.lib.ru/books/psycho/rubinshteyn=osnovu_obzhey_psc.pdf
3. Кривцун, О.А. Психология искусства : учебник для вузов / О.А. Кривцун. — 2-е изд., перераб. и доп. — Москва: Издательство Юрайт, 2023. — 265 с.
4. Куценков П.А. Психология первобытного и традиционного искусства. М: Прогресс-Традиция, 2007. 231 с.
5. Якобсон П.М. Психология чувств и мотивации: избранные психологические труды / П.М. Якобсон. — Москва: Институт практической психологии; Воронеж: МОДЭК, 1998. — 304 с.
6. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Алматы: Атамұра, 2003 — 208 бет.
7. Аймауытов. Психология. Алматы. Рауан-1995ж
8. Әуезов М. Әдебиет тарихы. Алматы, 1991.
9. Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. А., 1996;
10. Пірәлі Г. Әдебиеттанудың өзекті мәселелері [Мәтін]: оқу құралы / Г.Ж. Пірәлі; әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық ун-ті... — Алматы: Қазақ әдебиеті, 2016. - 213 б.
11. Ержанова Г. Қазақ повестеріндегі психологизм [Мәтін] / Г. Б. Ержанова; [ред. Р.Н. Нұрғалиұлы]... — Астана: [б. ж.] - 89 б.

References

1. Ovsjaniko-Kulikovskij D.N. Literaturno-kriticheskie raboty v dvuh tomah. — М.: Hudozhestvennaja literatura, 1989.
2. Rubinshtejn S.L. Osnovy obščej psihologii; 2013, yanko.lib.ru/books/psycho/rubinshteyn=osnovu_obzhey_psc.pdf
3. Krivcun, O. A. Psihologija iskusstva : učeбnik dlja vuzov / O. A. Krivcun. — 2-e izd., pererab. и dop. — Moskva: Izdatel"stvo Jurajt, 2023. — 265 s.
4. Kucenkov P.A. Psihologija pervobytnogo и tradiciionnogo iskusstva. M: Progress-Tradiциja, 2007. 231 s.
5. Jakobson P.M. Psihologija chuvstv и motivacии: izbrannye psihologičeskie trudy / P.M. Jakobson. — Moskva: Institut praktičeskoj psihologii; Voronezh: MODJEK, 1998. — 304 s.
6. Baitürsynov A. Ädebiet tanytqyş. Almaty: Atamūra, 2003 — 208 bet.
7. Aimauytov. Psihologia. Almaty. Rauan-1995j 8. Äuezov M. Ädebiet tarihy. Almaty, 1991.
9. Maitanov B. Qazaq romany jäne psihologialyq taldaу. A., 1996;
10. Pırälі G. Ädebiettanudyñ özekti мәseleleri [Mätin]: oqu құraly / G. J. Pırälі; әl-Farabi atyndaғы Qazaq ұlttyq un-ti... — Almaty: Qazaq әdebieti, 2016. - 213 b.
11. Erjanova G. Qazaq povesterindegi psihologizm [Mätin] / G.B. Erjanova; [red. R.N. Nürğaliüly]... — Astana: [b.j.] - 89 b.

Автор туралы мәлімет:

Ержанова Сәуле Баймырзақызы

Лауазымы: Филология ғылымдарының докторы, профессор. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Пошталық мекен-жайы: 050006 Алматы, Наурызбайский р-н, ПКСТ Сеовис -75
Ұялы тел. 87011271316;
E-mail: Esb72@mail.ru

Сведения об авторе:

Ержанова Сауле Баймурзаевна

Почтовый адрес: 050006 Алматы, Наурызбайский р-н, ПКСТ Сеовис -75
Должность: доктор филологических наук, профессор. КазНУ им. Аль-Фараби
Сот. тел: 87011271316
E-mail: Esb72@mail.ru

Information about the author:

Yerzhanova Saule Baimurzaevna

Position: Doctor of Philology, Professor. KazNU named after Al-Farabi
Mailing address: 050006 Almaty, Nauryzbaysky district, PKST Service -75
Mob.phone: 87011271316
E-mail: Esb72@mail.ru